

А.А. Нурмухамбетов^{1*}, А.Т. Қайпаева², Б.П. Жақсымбетов³

¹ PhD доктор, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Алматы, Қазақстан.

E-mail: nur.ardak_83@mail.ru

² Тарих ғылымдарының кандидаты, Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты,

Алматы, Қазақстан. E-mail: aina_78@mail.ru

³ Заң ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
Алматы, Қазақстан.

E-mail: zhaksymbetova.zhanara@gmail.com

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ПАНАСЫЗДЫҒЫ: ТАРИХЫ МЕН ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰСТАНЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аштық салдарынан орын алған балалар панасыздығы мәселесі қарастырылады. Азамат соғысы жылдарында енгізілген «әскери коммунизм» саясаты нәтижесінде 1921-1922 жылдары аштық орын алды. Аштықтың ауыр салдары болды. Халық санының кемуі орын алды. Аштықтың ауыр салдарын балалар көрді. Үлкендердің бақылауынсыз қалған балалар көше кезіп, панасыз балалардың санын арттырды. Мұндай жайт XX ғасырдың 30-шы жылдарында жүргізілген саясаты салдарынан кейін де қайталанды. Ашаршылықтың ауыр салдары алдымен қазақ халқының этникалық құрамындағы күрделі өзгерістерден көрінді. Сонымен қатар панасыз балалардың санының күрт өсуі орын алды. Балалар панасыздығының алдын алу мақсатында мемлекеттік деңгейде көптеген шаралар атқарылды. Балалар үйлері ашылып, тамақтандыру орталықтары жұмыс жасап бастады. Алайда балалар үйінің материалдық жағдайы өте ауыр болды. Ғимараттарда жылу жүйесі болмады. Төсектердің жетіспеушілігі, киім-кешек тапшылығы, азық-түліктің болмауы сияқты мәселелер барлық балалар үйіне тән болды. Аталған мәселелерді шешу ісін ұлт қайраткерлері өз жауапкершілігіне алды. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы балалар панасыздығының алдын алу, оларды мемлекет қамқорлығына алу, материалдық қажеттіліктерін өтеу сияқты маңызды мәселелер ұлт қайраткерлерінің араласуымен шешімін тапты.

Кілт сөздер: балалар панасыздығы, аштық, қайраткер, үкімет, балалар үйі, комиссия, қылмыс.

Мақала «1920-1930 жылдардағы Қазақстан мен көршілес елдер аумағындағы балалар панасыздығы мәселелері» жобасы аясында жазылды.

А.А. Нурмухамбетов^{1*}, А.Т. Қайпаева², Б.П. Жақсымбетов³

¹ PhD доктор, Казахская национальная академия искусств им. Темирбека Жургенева,
Алматы, Казахстан.

E-mail: nur.ardak_83@mail.ru

² Кандидат исторических наук, Институт истории и этнологии им. Ш. Уәлиханова,
Алматы, Казахстан. E-mail: aina_78@mail.ru

³ Кандидат юридических наук, Казахский национальный аграрный исследовательский
университет, Алматы, Казахстан.

E-mail: zhaksymbetova.zhanara@gmail.com

ДЕТСКАЯ БЕСПРИЗОРНОСТЬ В 20-30-Е ГОДЫ XX ВЕКА: ИСТОРИЯ И ПОЗИЦИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ

Аннотация

В статье рассматривается проблема детской беспризорности, возникшей в результате голода 20-30-х годов XX века. Особое внимание уделяется последствиям политики «военного коммунизма», проводимой в 1921-1922 годах и коллективизации 1930-х годов, приведших к массовому голоду, значительному снижению численности населения и этнического состава казахского народа. Одной из наиболее уязвимых категорий пострадавшего населения стали дети, оставшиеся без попечения родителей. Рост числа беспризорных детей стал одной из острых социальных проблем того времени.

В статье анализируются меры, предпринятые государством по профилактике беспризорности: организация детских домов, открытие центров питания и другие формы социальной поддержки. Отмечается, что, несмотря на усилия властей, материальное положение учреждений оставалось крайне тяжёлым. В зданиях не было отопления. Такие проблемы, как нехватка кроватей, одежды и питания, были общими для всех детских домов.

В работе детально анализируется существенная роль в решении данных проблем национальных деятелей, активно участвовавших в оказании помощи беспризорным детям; подчеркивается значимость их деятельности в профилактике детской беспризорности, организации опеки государством, компенсации материальных потребностей.

Ключевые слова: детская беспризорность, голод, деятель, правительство, детский дом, комиссия, преступность.

А.А. Nurmukhambetov^{1*}, **А.Т. Kaipbayeva**², **В.Р. Zaksimbetov**³

¹ *PhD doctor, T.K. Zhurgenov Kazakh national academy of arts, Almaty, Kazakhstan.*

E-mail: nur.ardak_83@mail.ru

² *Candidate of history sciences, Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: aina_78@mail.ru*

³ *Candidate of law sciences, Kazakh national agrarian research university, Almaty, Kazakhstan. E-mail: zhaksymbetova.zhanara@gmail.com*

CHILD HOMELESSNESS IN THE 20-30S OF THE TWENTIETH CENTURY: HISTORY AND POSITION OF NATIONAL FIGURES

Abstract

The article examines the problem of child homelessness that arose as a result of the famine of the 20-30s of the twentieth century. As a result of the policy of "war communism" introduced during the Civil War, famine occurred in 1921-1922. The famine had serious consequences. There has been a decrease in the population. The children saw the serious consequences of hunger. Children left unattended by adults roamed the streets, increasing the number of homeless children. This situation was repeated after the consequences of the collectivization policy pursued in the 30s of the twentieth century. The severe consequences of the famine manifested themselves in the complex changes in the ethnic composition of the Kazakh people. There has also been a sharp increase in the number of street children. In order to prevent child homelessness, many activities have been carried out at the State level. Orphanages were opened, and food centers began operating. However, the financial situation of the orphanage was very difficult. There was no heating system in the buildings. Problems such as lack of beds, lack of clothes, and lack of food were common to all orphanages. National figures assumed responsibility for resolving these issues. Such important issues as the prevention of child homelessness in the 20-30s of the twentieth

century, state custody of them, and compensation for material needs were resolved through the intervention of national figures.

Key words: child homelessness, hunger, activist, government, orphanage, commission, crime.

Кіріспе

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ тарихының ең бір күрделі кезеңдерінің бірі. Саяси-экономикалық бағытта жүргізілген реформалар нәтижесінде дәстүрлі қазақ қоғамы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Мұндай бастамалардың ауыр салдары болды. Ол әсіресе Қазақстанда орын алған ашаршылықпен тығыз байланысты. XX ғасырдың 20-30 жылдары орын алған ашаршылық этно-демографиялық ахуалдың шиеленісуіне алып келді. Қазақ халқының сандық көрсеткіштері күрт кеміп, аштықпен күрес мемлекеттік деңгейде шешімін табуы тиіс мәселеге айналды. Аштық жылдары жауапты мемлекеттік органдар мен ұлт қайраткерлері ерекше мән берген мәселелердің бірі – балалар панасыздығы болды.

Балалар – аштық жылдары ең бір қорғалмаған және көп зардап шеккен әлеуметтік топтың бірі саналды. Олардың аштық салдарынан қырылуынан бөлек, панасыз болып кету жағдайлары өте көп кездескен. Ел кезіп немесе материалдық жағдайы өте ауыр болған жетімдер үйіне орналастыру, жақын шетелдерге көшіп кету сияқты жайттар көптеп орын алды. Қазақстан мен іргелес жатқан шетелдердегі қазақ балаларының панасыздығы мәселесі мемлекеттік деңгейде өз шешімін таба бастады. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы балалар панасыздығы мәселесіне ұлт қайраткерлерінің ұстанымы қандай болды деген сұрақ тарихнамада өз шешімін табуы тиіс мәселеге айналып отыр.

Әдістеме. Мақалада тарих ғылымына белгілі бірқатар зерттеу әдістері қолданыс тапты. Тарихи деректер және іргелі еңбектердегі мәселеге қатысты мәліметтер салыстырмалы талдау әдісіне сай іріктелді. Аталған әдіс бойынша мәліметтердің шынайылық дәрежесі анықталды. Бұл өз кезегінде шынайылық принципін сақталуына, шынайылық принципін басшылыққа алынуына жағдай жасады. Мақала барысында мәселеге қатысты деректер мағыналық тұрғыдан топтастырылды. Ол ішкі логикалық байланыстың жоғары әрі бірізді болуын қамтамасыз етті.

Талқылау. Мақала негізінен мәселеге қатысты деректер негізінде жазылды. Деректік маңызы бар жекелеген авторлардың еңбектері қатарында Міржақып Дулатұлының «Кейінгі жылдары табылған құжаттар мен деректер, хаттар, естеліктер» деп аталатын жинағын атап өтеміз. Аталған еңбекте азамат соғысынан кейінгі жылдары орын алған аштық мәселесіне қатысты мәліметтер кездеседі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 81, 885 қор құжаттары пайдаланылды. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің 147 қор құжаттарына мән берілді. Мақала барысында Түркістан облысының Мемлекеттік архиві мен Алматы қаласының мемлекеттік архиві құжаттары да пайдаланылды. Архив құжаттарының жинақтары да пайдаланылды. Оның қатарында «Проблема детской беспризорности на территории Казахстана и сопредельных стран в 1920-1930 годы» деп аталатын құжаттар жинағы бар.

Нәтижелер. XX ғасыр басында қалыптасқан ұлт қайраткерлерінің саяси көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары әртүрлі болды. Бірі большевиктік тұғырнама негізінде қазақ халқының дамуына қол жеткізуді ойласа, бірі Алаш партиясы төңірегіне жиналған ұлт қайраткерлері болды. Кеңестер билігі орнағаннан кейін ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі коммунистік идеология мен большевиктік тәртіп негізінде ұйымдастырыла бастады. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ балаларының панасыздығымен күрес түрлері де негізінен партия шешімдері негізінде жүзеге асты. Азамат соғысы, «әскери коммунизм» саясаты салдарынан орын алған аштық салдарымен күресте ұлт қайраткерлерінің жеке бастамасымен де жұмыстар жүрді. Мысалы Міржақып Дулатов 1929 жылдың 1 қаңтарындағы тергеу барысында берген жауабында азамат соғысынан кейінгі аштық жайында мәліметтер келтіреді. «1921 жылы Торғай, Ырғыз, Қостанай уездері және Орал губерниясының бір бөлігі аштыққа ұшырады. Мен алғашқылардың бірі болып Семейдегі «Қазақ тілі» газетіне мақала жарияладым. Мақаламда мемлекеттік көмек

теміржолдан 400-500 шақырым жерде жатқан далалы аймақтарды толық қамти алмайтындығы туралы мәселе көтердім. Оның үстіне ол жерлердегі қазақтар топтасып өмір сүрмейді, шашыраңқы орналасқан. Сол үшін губерния аумағындағы қазақтардан өз еркімен мал түрінде жылу жинап, аштыққа ұшыраған аудандарға жеткізу туралы бастама көтердім. Менің жоспарымды барлығы қолдады. Кейіннен Губкомгол (Аштықтың салдарын жою бойынша губерниялық комиссия) мен Центрпогол (Ашыққандар көмек Орталығы) қолдады. Осы бағыттағы жұмыс нәтижесінде 2-3 айдың ішінде 15 мың ірі-қара жиналды. Оның барлығы да ашыққандарға жеткізіліп, таратылып берілді. Осы істің басы-қасында болған басшылардың бірі және үгіт-насихатшысы ретінде мен жазда Семей губерниясының үш уезінде болдым» деген мәліметтер келтіреді [1, 215-216 б.]. Міржақып Дулатовтың бұл әрекетінде тікелей балалар панасыздығын жою мақсаттарын қоймады. Аштықтан қырылып жатқан қазақтарды құтқару, малмен қамтамасыз етуді мақсат етті. Мұның өзі балалар панасыздығының алдын-алу ісінде аса маңызды саналды.

Ахмет Байтұрсынов Ағарту халық комиссарының орынбасары болған жылдары да аштық салдарынан орын алған балалар панасыздығы мәселесіне ерекше назар аударды. Балалар арасындағы панасыздықтың алдын-алу мақсатында түрлі балаларға арналған мекемелер ашылған болатын. Сол мекемелердің материалдық жағдайларын жақсарту мақсатында қамқорлық институты құрылды. Институттың жұмысы Орталық балалар комиссиясының 1922 жылдың 7 наурыздағы қаулысы негізінде басталды. Ахмет Байтұрсыновты бастамасымен қамқорлық институтының жұмысын жүйелі ұйымдастырыла бастады. Ол үшін бірнеше қамқор ұйымдарды тағайындаудың ережелері қабылданды. Мысалы:

«Панасыз балаларға арналған мекемелерге міндетті түрде фабрика-зауыт кәсіпорындары, болыстық бірлестіктер, кеңестік мекемелер, жеке кәсіпорындар, кәсіби және партиялық ұйымдар, кооперативтер мен әскери бөлімшелер қамқор бола алады. Ескерту: жеке тұлғалардың қамқорлығына жол берілмейді;

Балалар мекемесіне қамқор тағайындауды жергілікті Халыққа білім беру бөлімшелері жүзеге асырады. Ескерту: балаларға арналған мекемелер қамқор болатын ұйымдарды өздері тауып, Халыққа білім беру мекемелері арқылы бекіте алады;

Балалар мекемесін қамқорлығына алған ұйымның басшысы білім беру бөлімшелерінің бекітуімен тағайындалады;

Балалар мекемесіне қамқор болып тағайындалған өкіл барлық материалдық қажеттіліктерді өтеуі тиіс. Ол ғимаратты жөндеу жұмыстарына көмектесу, отынмен, азық-түлікпен қамтамасыз ету, тәрбиеленушілерге киім, аяқ киім жеткізіп беру сияқты көмек түрлерін қамтиды;

Балалар мекемесіне көрсетілетін көмек қамқор ұйымның қалаған уақытында емес, нақты бекітілген жоспар бойынша ұйымдастырылуы керек. Ол үшін балалар мекемесінің кеңесінде бірлесіп отырып, кем дегенде бір жылға арналған шартты жоспар жасалауы тиіс. Ол жерде қамқор ұйым қамтамасыз ететін материалдық игіліктердің түрі және оны қайдан алатындығын көрсетуі тиіс;

Қамқор ұйымның басшысы өздері қамтамасыз еткен материалдық ресурстардың жұмсалуды балалар мекемесінің меңгерушісімен бірігіп, толықтай қадағалай алады.

Қамқор ұйымның басшысы балалардың өмірлерін жақсартуға бағытталған өзге де шараларға қатысу құқығы беріледі;

Қамқор ұйымның басшысы балалар тәрбиесіне қатысты өзіндік ойлары және көзқарастарымен бөлісе алады. Егер де олардың ойлары балалар мекемелерінің меңгерушілері қабылдамас, ол ұсыныстарын білім бөліміне бере алады;

Балалар мекемелерінің меңгерушілері қамқор ұйым басшысына өзінің мекемесі туралы барлық ақпаратты беруі тиіс;

Балалар мекемесі мен қамқор ұйым арасындағы келіспеушіліктер Халыққа білім беру бөлімдерінде қарастырылып, шешіледі» [2, 132-п.].

Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың 20-шы жылдары орын алған аштық және оның салдарынан туындаған балалар панасыздығы мәселесімен күресте ерекше белсенділік танытқан. Аштық жылдары балалар панасыздығының алдын-алу үшін балалар үйлері, балаларға арналған тамақтандыру орталықтары сияқты түрлі мекемелер жұмыс жасап бастады. Олардың материалдық жағдайы өте ауыр болды. Материалдық қиындықтар азық-түлік тапшылығы ғана емес, сонымен қатар ғимараттарды жылыту, балаларды маусымға сай киіндіру сияқты өзге де шешімін табуы тиіс мәселелер өте көп болды. Жағдай реттелмегендіктен тәрбиеленушілер арасында балалар үйінен қашу жайттары жиі орын алды. Бұл балалар панасыздығы мәселесін одан сайын күшейтті. Осы тұрғысынан келгенде Ахмет Байтұрсынұлы балалар панасыздығымен күрес, оның алдын-алу жұмыстарында белсенділік танытқан.

XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы аштықтан кейін орын алған балалар панасыздығымен күрес, оның ауыр салдарын жою ісі өте өзекті болды. Сол жылдардағы ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметінің басты бағыты да балалар панасыздығымен тікелей байланысты болды. Ұлт қайраткерлерінің бастамаларымен панасыз балаларға көмек көрсететін түрлі қорлар құрыла бастады. Солардың бірі Ж. Мыңбаев, С. Сәдуақасовтардың араласуымен жүзеге асты. 1925 жылдың 15 маусымында Қазақ Орталық атқару комитетінің отырысы өтеді. Отырыста ҚазОАК-тегі комиссиялар туралы мәселе көтеріледі. Нәтижесінде панасыз балаларға көмек беретін В.И. Ленин атындағы қор құру бойынша комиссия құрылады [3, 9-п.]. Комиссия осы аталған бағыт бойынша жүйелі жұмыстар атқарып, В.И. Ленин атындағы қор құрылады. 1927 жылы Жанайдар Сәдуақасов В.И. Ленин атындағы қор Губерниялық атқару комитеті Президиумының қаулысы бойынша құрылғаны туралы мәлімет береді. Комиссия құрамына Губерниялық атқару комитетінің өкілдері, кәсіподақ кеңесі, Халыққа білім беру бөлімі, «Қосшы» одағы мен қазақ, орыс, өзбек ұлтынан өкілдері кірген. Азаматтар қордың жұмысы белсенді жүруі үшін өз еркімен қаражаттар аударды. Шымкент қаласындағы В.И. Ленин атындағы қордың есебіне губерниялық бюджеттен 500 сом ақша аударылады. Қор жұмысының жоспарында мұндай қомақты қаражатты жұмсаудың шығыны да қарастырылмаған болатын. Сол себепті де Ж. Сәдуақасов аталған қаражат толыққанды игерілмегендігіне назар аударды. В.И. Ленин атындағы Шымкенттегі қордың қаражаты Мемлекеттік банктің №257 ағымдағы шотында сақталды. Ж. Сәдуақасов Балалар комиссиясы, атқарушы комитеттер панасыз балаларды тіркеу, мемлекеттің қамқорлығына мұқтаж балаларды анықтау бағытында бірқатар жұмыстар атқарғанын атап өтеді. Жергілікті жерлерде аталған бағыт бойынша жұмыстар белсенді еместігі туралы да мәліметтер берген. Оның басты себебі панасыз балалар анықталған жағдайда жергілікті билік органдары оларды қамтамасыз етуді өз жауапкершілігіне алуы тиіс еді. Ж. Сәдуақасов жергілікті билік органдарының материалдық мүмкіндіктері көп жағдайда панасыз балаларды қамтамасыз етуге жетпейтіндігі туралы мәліметтер береді. Жергілікті билік органдар халықтың өз еркімен берген аздаған көмегімен мұқтаж балалардың барлығын қамтамасыз ете алмайтыны түсінікті. Сол себепті де Ж. Сәдуақасов алдағы уақытта панасыз балаларға көмек мәселесін талқылаған кезде жергілікті билік органдарына қосымша қаражат бөлу туралы ұсыныс береді [4, 2-п.].

Жанайдар Сәдуақасов XX ғасырдың 20-жылдарындағы балалар панасыздығына қарсы күресте ерекше белсенділік танытты. 1927-1928 жылдар аралығында Сырдария атқару комитетінің төрағасы болған ол 17 қаңтар 1928 жылдан бастап юстиция халық комиссары, республика прокуроры лауазымын атқарды. Балалар панасыздығымен күрес, республика бойынша атқарылып жатқан шаралар, олардың орындалу деңгейі сияқты мәселелерді арнайы талдап, жоспардың толыққанды орындалуын барынша қадағалады. 1928 жылы республика бойынша барлық прокурорларға жазған қызметтік хатында балалар панасыздығы өте өзекті мәселе екендігін атап өткен. Аталған мәселені қоғам болып қана емес, барлық ресми органдардың белсенді араласуымен ғана шешуге болатындығына назар аударады. Әсіресе құқық қорғау органдары отбасы институтының құқықтық мәртебесінің

сақталуына ерекше мән беруіне шақырады. Ж.Смағұлов отбасылық институтты сақтап қалу балалар панасыздығымен күресте ерекше маңызды роль атқарады деп санады. Панасыз балалар арасынан ата-анасы бар және тәртібі нашар, үлкендердің бақылауынсыз жүрген балаларды анықтау ісі белсенді жүргізілді. Ж.Смағұлов КСРО бойынша Орталық балалар комиссиясының мәліметтерін басшылыққа ала отырып, балалар панасыздығы кеңестік қоғамда кең таралған құбылыс екендігін атап өтеді. Балалардың өз ата-анасынан, туыстарынан безінуі немесе ата-ананың балаларына қарамай кету жағдаяттары Қазақстанға тән екендігін көрсетті. Ж.Смағұлов панасыз балалардың Қазақстан бойынша нақты санын анықтаудың қиындығын алға тартады. Бір ғана теміржолдан алыс жатқан Ақмола губерниясы, Атбасар уезінде панасыз балалардың саны оң мыңнан асқан. КСРО бойынша панасыз балалардың саны РКФСР-дің орталық губерниялары емес, қазақ ауылдары есебінен өсті деген батыл пікір білдірген. Осы жылдары тек ата-аналары ғана емес, баланы өз тәрбиесіне алған адамдардың да балаға қарамауы, тастап кету жайттары жиі орын алып отырған. Ж.Смағұлов аталған жайтты балалар панасыздығының орын алу себептерінің бірі ретінде қарастырған. XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы балалар панасыздығына қарсы күресте Ж.Смағұлов заң мүмкіндіктерінің толыққанды орындалуына ерекше мән берді. Оның ішінде кәмелет жасына толмағандардың құқық бұзу жайттары мен қылмыстық іс-әрекеттеріне назар аударды. Республика бойынша сот органдары мен прокуратура тәжірибесінде Қылмыстық кодекстің №158 бабы бойынша тек кей жағдайда іс қозғалатынын ерекше атап өтті. Бұл бап ата-ана, туысқандар мен асырап алушылардың бала алдындағы өз міндеттерін дұрыс орындауын талап етеді. Осы бап бойынша қылмыстық істердің орын алу жайттарын анықтаудың балалар панасыздығының алдын алудағы маңыздылығына мән берді. Ата-аналар мен өзге де туыстарының, асырап алушылардың балалар алдындағы жауапкершілігін күшейту арқылы балалар панасыздығының деңгейін азайтуға болады деген пікір ұстанымын білдірді. Сондықтан жоғарыда аталған бап бойынша:

Ата-аналар мен асырап алушылардың балалар алдындағы міндеттерін дұрыс орындауға қол жеткізу және осы мақсатта Қазақстандағы барлық қоғамдық ұйымдарды ортақ іске тарту (Қосшы одағы, пионерлерік ұйымдар, әйелдердің өкілдік жиыны, мұғалімдер мен комсомолдық ұйымдар);

Балаларды асырап алу мүмкіндігін беретін органдардың жұмысын қадағалау, шағым өтініштер болған жағдайда дереу назар аудару;

Қылмыстық кодекстің 158 бабы 2-ші тармағының қолданысын белсенді ету, яғни балалар алдындағы міндеттерін дұрыс орындамаған ата-аналар мен асырап алушыларды жауапкершілікке тарту;

Балалар алдындағы міндеттерін дұрыс орындамау деген балаларды қолдаусыз қалдыру, балаларды қайыр сұрауға итермелейтін жағдай жасау, балалардың өз үйлерінен қашып кететіндей ауыр ахуал қалыптастыруды білдірді. Ата-аналар мен туыстар, балаларды асырап алушылардың барлығына да заң бойынша бірдей талаптар қойылды. Бала алдындағы міндеттерді орындамаумен қатар, балаларды жазалау шаралары шектен шыққан жағдайда Қылмыстық кодекстің өзге де баптарымен жазаға тарту тәжірибеге белсенді енгізілу керектігіне мән беріле бастады. Сондай-ақ Ж. Смағұлов сот бойынша ата-аналарының біріне балаларды асырау үшін төлем міндеті қойылса, оның толыққанды орындалуын қадағалау міндетін күшейтті [5, 34-35-пп.].

Балалар панасыздығы мәселесі Қазақстанның барлық аймақтарында жиі кездесетін жағымсыз құбылысқа айналды. Әсіресе XX ғасырдың 30-шы жылдарында орын алған жаппай ашаршылықтан кейін балалар панасыздығы мәселесі ерекше өршіп кетті. Бұл жайт ұлт қайраткерлерінің балалар панасыздығымен күрес, оның алдын алу бағытындағы қызметтеріне белсенділік берді. Өңірлердегі балалар панасыздығымен күресте белсенді болған ұлт қайраткерлерінің бірі – Әбілқайыр Досов болды. Ақтөбе облыстық комитеттің бірінші хатшысы болған 1934-1936 жылдары балалар панасыздығының алдын алу ісі белсенді айналысты. 1934 жылдың тамыз айында Ақтөбе облысы бойынша балалар үйінің қысқа дайындығы мәселесін арнайы көтереді. Балалар үйіндегі ауыр материалдық

жағдайлар, ғимараттардағы жылу жүйесінің жұмыс жасамауы салдарынан балалардың қашу жайттары жиі тіркелген. Мұндай жайт балалар панасыздығының пайда болуының басты себептерінің бірі еді. Сол себепті балалар үйінің қысқа дайындық мәселесінің де маңыздылығын атап өтуге болады. Ә. Досов халыққа білім беру органдарының жұмысын жоққа шығарып, жергілікті кеңестер мен атқарушы комитеттердің жұмысын қатаң сынға алады. Сол себепті де төмендегідей ескертпелер жасайды:

Ақбұлақ ауданы балалар үйінің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын бастамаған, Жайсаңдағы балалар үйінің мекемесі жоқ. Оған берілген ғимарат (Электрорталық) құлаудың алдында тұр;

Қостанайдағы балалар үйі әлі күнге дейін тәрбиеленушілердің санын анықтау үстінде;

Торғай ауданы да толыққанды жұмыстар жасаған жоқ;

Убаган аудандық атқарушы комитеті балалар үйін қысқа дайындаудың орнына, тәрбиеленушілерді басқа ауданға ауыстырады деп үміттенуде;

Отын дайындау, балаларға жиі киім жеткізу, қысқа жеміс-жидек сақтау сияқты жұмыстар бойынша атқарылған шаралар жоқ;

Балалар үйін қаржыландыру облыс бойынша өте нашар деп атқарылған жұмыстарға өз бағасын береді.

Бір қызығы Ә. Досов осыған дейін де аудандық атқарушы комитетке қысқа дайындалу туралы тапсырма бергендігін атап өткен. Аудан басшылығы тарапынан немқұрайлылық орын алған. Ә. Досов мұны балалар үйінің саяси тұрғыдан маңыздылығын мойындамау деп бағалаған. Орын алған олқылықты жою мақсатында облыстық қаржылық бөліміне:

1 қыркүйекке дейін балалар үйінің қарызын толықтай жабу үшін қаржы аудару;

5 қыркүйекке дейін балалар үйінің жөндеу жұмыстарын аяқтау;

Қостанай, Тамды, Федоровск аудандарындағы балалар үйінің құрылысын тәмамдау және жөндеу жұмыстарын 1934 жылдың 15 қыркүйегінде дейінгі мерзімде аяқтау туралы тапсырмалар берілді. Тапсырмаларды нәтижелі аяқтау үшін 20 тамызына дейін бөлінген 95 мың сомды жіберуі тиіс.

Жергілікті, аудандық атқарушы комитеттеі мен қалалық кеңес балалар үйіне қажетті құрылыс заттарын өз уақытында жеткізіп тұруы керек. Облыстық білім бөлімдері балалар үйіне қажетті құрылыс заттарын анықтауы керек;

Облыстық тұтынушылар одағы мен Облыстық білім бөлімдері Торғай ауданы бойына 1536 тәрбиеленушіні қамтитын бес балалар үйін және 357 тәрбиеленушісі бар екі балалар үйін азық-түлікпен қамтамасыз етуі тиіс;

Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне жылы киімнің қажеттілігі байқалады. Қыстық киімдерге республика бойынша қажеттілік бар. Тауарларға жоғары сұранысты толықтай шеше алмағандықтан, облыстық балалар комиссиясы мен облыстық білім басқармасы Өлкелік балалар комиссиясы, Ағарту халық комиссариатына өз өкілдерін жіберуі керек. Жағдайды толықтай қолға алу қажет. Белгіленген мерзім бес күнді құрайды [6, с. 276-277].

Ақтөбе жеріндегі балалар панасыздығымен күрестің қиын жағдайда жүргендігін ұлт қайраткерлері осыған дейін де атап өткен [7, 76-77 б.]. Облыстық білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары Т. Еділбаевтың облыстық атқару комитетінің төрағасы мен хатшысына жазған қызметтік хатында балалар панасыздығымен күрестің қиындығы баяндалды. 1934 жылдың 3 ақпанында жазылған қызметтік хатта бірнеше жағымсыз жайттар келтірілді. Мысалы:

- балалар үйіндегі мамандардың жетіспеушілігі;

- жергілікті басқарушы органдардың немқұрайлылығы, әлі күнге дейін облыстық білім беру бөлімінде панасыз балаларды тіркеу жұмыстары жүргізілмеген;

- Өлкелік партия комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің бұйрықтары, шешімдері мен қаулылары орындалмайды деген мәліметтер келтіреді [8, 82-87 б.].

Ақтөбе жеріндегі басшылық балалар панасыздығымен күрестің орнына балалар үйіне бөлінген игіліктерді ұрлаумен айналысатындығы және балалар үйінің санитарлық талаптарға сай келмейтін жағдайда екендігіне назар аударады. Облыстық білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары берген мәліметтерге сай, Ақтөбе облысы аумағында 58 балалар

үйі болған және ондағы тәрбиеленушілердің саны 8715 баланы құраған. Панасыз балалардың саны ай сайын өсіп отырған. Егер де қараша айында олардың саны 7573 болса, желтоқсан айында 8715 баланы құраған. Панасыз балалардың қарқынды түрде өсуі салдарынан көптеген балалар үйінде азық-түлік жетіспеушілігі байқалды. Ақтөбе қаласы, Арал, Ақбұлақтағы балалар үйі шамадан тыс панасыз балаларды қабылдады. Қобда ауданындағы балалар үйінде екі төсек қана болғандықтан балалардың барлығы жерде жатуға мәжбүр болды. Облыс бойынша балалардың киім-кешектермен қамтамасыз етілуі де төмен. 1934 жылдың 3 ақпанындағы мәлімет бойынша 2000 жұп аяқ-киім, 3000 пальто, 4000 көрпе-жастық қажеттілігі айқындалған. №7 балалар үйі мен бала қабылдау орталығындағы тәрбиеленушілер қыс мерзімінде жалаң аяқ, қыстық киімсіз жүрген. Азық-түлік жағынан қамтамасыз ету де өте төмен дәрежеде ұйымдастырлған. Мұның барлығы да тиісті көлемде қаражаттың бөлінбеуі салдарынан орын алды. Санитарлық талаптарға сай болмауы, дұрыс тамақтанбау, мерзімге сай киінбеу салдарынан балалар арасында жұқпалы аурулар кеңінен тарап, балалар арасындағы өлім жайттарын көбейтті. 1933 жылғы статистикалық мәліметтерге сай 1650 бала қайтыс болған. Ауруханаларға жіберілген балалардың 60% жазылмастан, қайтыс болып отырған. Ақтөбе қаласындағы емхана қабылдаған 374 баланың 227 қайтыс болуының өзі панасыз балалар арасындағы өлім жайтының кең таралғанын көрсетеді. Материалдық жағдайдың ауыр болуы балалар үйіндегі тәрбие жұмыстарының да дұрыс жүрмегенін білдіреді. Балалар үйінде тәрбиеленушілерді ұрып-соғу жайттары жиі орын алып отырған. Мұның барлығы да балалар үйлеріне мамандардың жетіспеушілігін көрсетті. Облыс бойынша балалар үйінде жұмыс жасайтын қызметкерлердің 9% өз мамандықтарына сай жұмыс жасамаған. Облыстық білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары Т. Еділбаев балалар үйін қамқорлыққа алған ұйымдар ешқандай көмек бермейтіндігі және олар тек қағаз жүзінде ғана балалар үйін қамқорлыққа алған деп көрсетеді [6, с. 284-288].

XX ғасырдың 20-шы жылдарынан басталған балалар панасыздығына қарсы күрес біршама ұйымдастырылды [9, 22-25 б.]. Оның алдын алу ісінде ерекше белсенділік танытқан ұлт қайраткерлерінің бірі Кәрім Досжанұлы Тоқтабаев болды. 1927 жылы Ағарту халық комиссары болып тағайындалған К. Тоқтабаев қазақ балаларының зайырлы білім алуына ерекше назар аударды. Аштық салдарынан орын алған панасыз балалар мәселесін де шешу ісінде белсенділік танытты. Тек еліміздің орталық қалалары мен елді-мекендері ғана емес, сонымен қатар шеткері аймақтарындағы ахуалды үнемі назарында ұстауға тырысты. 1927 жылы 6 маусымдағы Сырдария губерниясы бойынша білім беру бөлімі, Балалар комиссиясының жазған қызметтік хатын басшылыққа ала отырып, барлық аймақтар бойынша панасыз балалар мәселесіне шеше алды. Мысалы Сырдария губерниясы бойынша Балалар комиссиясы берген мәліметтерге сай, 1926 жылы дотациялық негізде берілген қаражат мақсатты түрде қолданылмағанын анықтайды. Ол қаражат қамқорлыққа алынған панасыз балаларды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс болған. Сонымен қатар жас шамасы ересек панасыз балаларды шаруа отбасыларына орналастыру ісі де назардан тыс қалған. Салыстырмалы түрде Шымкент, Қызылордадағы панасыз ересек балаларды шаруа отбасыларына, өзге де жұмыстарға тарту ісінде нәтиже барын атап өтті. Қызылордада 10 жасөспірім бала баспаханаға жұмысқа орналастырылды, 25 бала жерге орналастыру бөліміне және 2 бала депода жұмысқа тартылған. Ересек панасыз балаларды жұмысқа орналастыру тек Ана мен нәрестені қорғау желісі бойынша жүзеге асырылып келе жатқанына назар аударып, осы бағытта қаражат қажет болған жағдайда бұл жұмысты кеңейтуге және тереңдетуге болады деп шешті.

Панасыз балалармен күресті жоспарлы түрде жүзеге асыру керектігін алға тартып, бұл ретте бөлінген қаражатты мақсатты түрде және өз уақытында дұрыс пайдаланудың маңыздылығына мән берді. Сөзсіз бұл талаптар аймақтар бойынша Халыққа білім беру бөлімдері мен Балалар комиссиясының алдағы уақытта атқаратын жұмыстарына бағдар ретінде берілді [10, 61-62 б.]. Сонымен қатар панасыз балаларға арналған ережелер мен жеңілдіктердің толыққанды жүзеге асуына мән берді. Балалар үйінде жасы жеткен

тәрбиеленушілерді шаруа отбасылары мен өзге де жұмыстарға орналастыру арқылы көшеде жүрген панасыз балаларды қамтуға болады деп санады. Губерниялық білім беру бөлімдері керісінше балалар үйінің желісін азайтуға тырысатыны байқалады және бұл панасыз балалармен күреске кері әсер етеді деген бастама көтерді. ол дегеніміз балалар үйін азайту емес, керісінше көбейту туралы ұстаным еді. Жаңа балалар үйін ашу мүмкіндігі болмаса 16 жасқа толған балалар үйінің тәрбиеленушілерін жұмысқа орналастырып, көшеде жүрген панасыз балаларды толық қамтуға тырысу керек деген бастама көтерді. Ол үшін балалар үйінің тәрбиеленушілерін қамқорлыққа алу ісін терең насихаттау қажет және осы арқылы балаларды қамқор болатын отбасылар, шаруа қожалықтарына белсенді орналастыру керек деп санады. Ол үшін алдымен Балалар комиссиясы Халыққа білім беру бөлімдері арқылы балалар үйіндегі жасы жеткен тәрбиеленушілер мен көшеде қалған панасыз балалардың нақты санын тез арада анықтау керек деп тапсырма қойды [11, 265-п.].

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы панасыз балалар ісі мемлекеттік деңгейде шешімін табуы тиіс мәселеге айналды. Мемлекеттің жауапты қызметтерінде жүрген ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметіне жаңа жауапкершілік артылды [12, с. 25]. ҚазКСР Орталық атқарушы комитетінің Төрағасы Ұзақбай Құлымбетов, Ағарту халық комиссары Темірбек Жүргенов сынды ұлт қайраткерлері де панасыз балалар мәселесіне ерекше назар аударып, ұлт мүддесіне негізделген ұстанымдарын жүзеге асырды. Аталған ұлт қайраткерлері де Қазақстанның барлық аймақтарындағы панасыз балалар мәселесіне бірдей назар аударды. Жергілікті басқару органдарынан аймақтағы ахуал туралы біліп, үнемі есеп алуға тырысты [13,162 б.]. Сондай есептердің бірін Ақтөбе облыстық Балалар комиссиясының төрағасы жіберген. Өзінің есептік хатында Ақтөбе облысы бойынша Балалар комиссиясының төрағасы Қожахметов облыстағы балалар үйіне орналастырған панасыз балалардың тұрмысы мен әлеуметтік ахуалын жақсарту маңызды міндет екендігін атап өтті. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыруда КСРО Халық комиссарлар кеңесі мен Коммунисттік партияның Орталық комитетінің шешімдерін басшылыққа алатындығын жеткізеді. Алайда төрағаның келтірген мәліметтерінен біз Ақтөбе облысы бойынша панасыз балалардың әлеуметтік ахуалын жақсарту ісі әлі де болса өте шиеленісті жағдайда екендігін байқаймыз. Ақтөбе облысы бойынша балалар үйінің барлығында талапқа сай келетін ғимараттары жоқ. Тіпті жекелеген аудандарда балалар үйінің ғимараты да жоқ. Мысалы Қобда ауданындағы панасыз балалар жер үйлерде тұрып жатқаны туралы мәлімет келтіреді. Петропавл ауылындағы балалар үйі 10 шаруаның үйінде шашыраңқы орналастырылған. Балалар үйінің тәрбиеленушілері тұратын ғимараттары санитарлық талаптарға жауап бермейтіндігі және бөлмелердегі ауа алмасу, таза ауаның кіруі сияқты мәселелердің қиындатылғаны белгілі болады. Облыс бойынша балалар панасыздығының алдын алу үшін бірнеше шараларды ұйымдастыру қажет екендігін атап өтеді. Мысалы:

11 жаңа балалар үйінің ғимаратын салу;

Балалар үйінің 56 ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;

Балалар үйінің жанынан 14 монша салу;

Балалар үйінің жанынан 19 дезинфекция камера салу;

Жеміс-жидек сақтайтын 4 қойма салу;

Балалар үйіне қажетті 4 сарай салу.

Осы аталған құрылыс нысандарын толыққанды жүзеге асыру үшін 983 мың сом қаражат керек екендігі айтылады. Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне еңбек ету дағдысын қалыптастыру үшін қосымша 27 шеберхана салудың қажеттілігі бар екендігін атап өтіп, оған 32 мың сом керек екендігін көрсетеді.

Облыс бойынша балалар үйінің басым көпшілігі Ақтөбе мен Қостанайда орналасқан. Алайда балалар үйінің ешқайсында өздеріне тиесілі шаруашылыққа арналған жер телімдері болмаған. Шаруашылыққа арналған жерлерінің болуы сөзсіз балалар үйлері үшін өте пайдалы. Балаларды еңбек ету дағдысын қалыптастырумен қатар, қыс мерзіміне қажетті азық-түліктерді даярлауда да көмегі зор. Сол себепті де Ақтөбе мен Қостанайда құны 192 мың сом болатын шаруашылыққа қажетті жер телімдерін алады. Алдағы уақытта балалар

үйіне қажетті шаруашылық жерлерін алу үшін қосымша 555 мың сом қажет екендігі көрсетілді.

Соңғы жылдары облыс бойынша балалар үйлерінің жағдайы өткен жылдарға қарағанда едәуір жақсарғанын байқауға болады деген мәліметтер береді. Алайда балалар үйінің тәрбиеленушілер арасында мәдени үгіт насихат жұмыстарын ұйымдастыруға деген қажеттілік бар. Мәдени-ағартушылық іс-шаралары бюджетпен мүлдем қарастырылмаған деп ҚазКСР Орталық атқарушы комитетінің төрағасы Төрағасы Ұзақбай Құлымбетов пен Ағарту халық комиссары Темірбек Жүргеновтің назарын аударады. Әр балалар үйіне кітапхана, қызыл бұрыштар, музыкалық аспаптар, радио қондырғылар мен патефондар сатып алу керектігі және осы мақсатта 181 мың сом қаражат қажет екендігін көрсетеді.

Жоғарыда аталған барлық іс-шараларға 1754 мың сом қаражат қажет екендігі анықталды. 1935 жылы балалар панасыздығымен күрес мақсатындағы іс-шараларға бюджеттен 52 мың сом қаражат бөлінген. Балалар үйі жанындағы шаруашылық жерлерін кеңейту мақсатында 30 мың сом бөлінді. Барлығы 82 мың сомды құраған. Алайда осы уақытқа дейін күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары, сондай-ақ жаңа ғимараттарды салу және мәдени шараларды ұйымдастыруға қаражат қарастырылмаған. 1935 жылы берілген қаражат жоғарыда аталған іс-шараларды өткізуге мүлдем жеткіліксіз болып шыққан. Сол себепті де Балалар комиссиясының облыс бойынша төрағасы ҚазКСР Орталық атқарушы комитетінің төрағасы мен Ағарту халық комиссарына алдағы уақытта осы мақсаттарға қосымша қаражат қарастыру туралы ұсынысын береді.

Ақтөбе облысының барлық балалар үйлерінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтарының жетіспеушілігі байқалатындығы туралы да мәліметтер беріледі. Өткен жылдағы тәжірибе көрсеткендей, киім-кешекпен қамтамасыз етілмеу салдарынан көптеген балалар мектепке бара алмай, сонымен қатар балалар арасында суық тию жағдайлары көп орын алған. Балалар үйін қысқы мерзімге толық қамтамасыз ету үшін мынандай қажетті заттарды сатып алу қажет деп көрсетеді:

Пальтоға арналған мата 2200 метр, ұлдарға арналған киім-кешек үшін 3700 метр мата, қыздар мен ұлдарға арналған киім үшін 11600 метр мата;

Зығыр материалынан жасалған 58418 метр мата;

Матрастарға арналған мата 28000 метр;

Сүлгіге арналған мата 2500 метр;

Көрпелерге арналған мата 2100 метр;

Қысқы аяқ киім 3500 жұп;

Жазғы аяқ киім 5600 жұп;

Бас киімдер 1000 дана;

Тоқылған шұлық 7000 жұп [6, с. 266-268].

Аталған мәліметтердің барлығы да ҚазКСР Орталық атқарушы комитетінің төрағасы мен Ағарту халық комиссарының назарына ұсынылады. Әрине аталған ұсыныстар ұлт қайраткерлері тарапынан құпталып, облыс аумағындағы панасыз балаларды арнайы балалар үйіне тарту, оларға қажетті материалдық игіліктермен қамтамасыз ету, панасыз балалар арасында еңбек ету дағдысын қалыптастыру және тағы да басқа қажеттіліктерін өтеу сияқты бастамалар жүзеге аса бастады [14, с. 91-92].

XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы балалар панасыздығына қарсы күрес, оның алдын алу ісінде Халық ағарту комиссары болған Темірбек Қараұлы Жүргеновтің атқарған бірқатар істері бар. Әсіресе аймақтардағы балалар панасыздығы мәселесінің алдын алуда ерекше белсенді болды. 1935 жылы Темірбек Жүргенов Алматы қаласындағы панасыз балалар мәселесіне ерекше назар аударды. Өйткені қаладағы балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің саны 2800 адамға жетті. Балалар үйі күнделікті 30-40 баланы қабылдауға мәжбүр болған. Жалпы саны қалада 16 балалар үйі болған. Бұл балалар үйі қаладағы панасыз балалардың барлығын бірдей қамтуға мүмкіндігі жетпеді. Сол себепті де қаладағы мектептер мен балабақшалардың ғимараттарын пайдалануға мәжбүр болды. Мысалы бес мектеп пен алты балабақша ғимараты балалар үйі ретінде панасыз балаларды

қабылдады. Қаладағы панасыз балалардың үлес салмағының артуы салдарынан жақын жатқан Талғар, Қаскелең және тағы да басқа елді-мекендердегі балалар үйіне бөліп, көшіруге шешім шықты. Алайда бұл шешім өз нәтижесін берген жоқ. Өйткені көшірілген балалар қайтадан Алматыға қашып, оралып отырды. Осылайша қала көшелеріндегі панасыз балалардың үлес салмағын арттырды.

1935 жылғы Алматы қаласының Халыққа білім беру бөлімі мен милициясының мәліметінше қала көшелерінде 1500 панасыз балалардың бар екендігі анықталды. Олардың басым көпшілігі қалалық асханалар, сыраханалар мен вокзалдарда өмір сүрді. Кей жағдайда заңға қайшы келетін әрекеттерге де жиі барған. Тіпті балалар үйінің жекелеген тәрбиеленушілері арасында қылмыстық топтарға кіріп, өзге тәрбиеленушілерге теріс ықпал етіп отырған. Балалар үйіндегі тәрбие жұмысының әлсіздігін пайдаланып, тәрбиеленушілерді бопсалау, қорқыту сияқты жағымсыз істермен айналысуды әдетке айналдырған. Тіпті жекелеген балалар үйінің қызметкерлеріне де қоқан-лоқы көрсеткен жайттар да тіркелген. Сол себепті де Т. Жүргеновтің басшылығымен бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда:

Қаланы балалар үйінен тазарту, балабақшалар мен мектеп ғимараттарын мақсатты түрде пайдалану. Қаладағы балалар үйінің тәрбиеленушілер санын 1000 баладан асырмау;

Қала көшелеріндегі панасыз балалардың барлығын әртүрлі арнайы мекемелерге орналастыру;

Балалар үйіндегі және көшедегі тәртібі нашар панасыз балаларды арнайы түзету изоляторлары мен тәртібі нашар балаларға арналған мекемелерге тоғыту.

Мұндай шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру үшін бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру қажет болды. Атап айтқанда:

- балалар үйінің жанынан мектеп, шеберхана, медициналық қызмет көрсететін мекемелерді ашу;

- қала аумағынан тыс жерде тәртібі нашар балаларды тәрбиелейтін орталықтар ашу (100 баладан көп емес);

- Есік, Талғар және басқа да аудандарда 1000 балаға арналған балалар үйін ашу;

- барлық колхоздар мен совхоздарды 14 жастан асқан панасыз балаларды жұмысқа қабылдауды міндеттеу;

- осы жұмыстарды атқару үшін 1 миллион 23 мың сом қаражат бөлу [15, 7-9 pp.].

Әрине Ағарту халық комиссары Т. Жүргенов бұл бастаманы қолдап, балалар панасыздығымен күресті жүйелі жүргізе алды.

Қорытынды. Сонымен мақаланы қорытындылай келе, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы балалар панасыздығы мәселесінің нәтижелі шешім табуы көп жағдайда ұлт қайраткерлерінің ұстанымы және қоғамдық-саяси қызметімен тікелей байланысты болды. Ұлт қайраткерлері өздерінің саяси көзқарастары мен саяси ұстанымдарына қарамастан, ортақ мақсатқа жұмылды. Балалар панасыздығымен күресті барынша жүйелі етіп, мәселенің оңынан шешілуіне жағдай жасады. Панасыз балаларды мемлекет қамқорлығына алуға тырысып, балалар үйіне орналастыруға етуге тырысты. Аталған жылдары балалар үйінің материалдық жағдайы өте ауыр жағдайда болды. Азық-түліктің жоқтығымен қатар, ғимараттардың жетіспеушілігі, ғимараттардың жылытылмауы, киім-кешек пен төсек орынның жоқтығы өте өзекті болды. Аталған мәселе ұлт қайраткерлерінің араласуымен өз шешімін тапты деп айтуға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Міржақып Дулатұлы. *Кейінгі жылдары табылған құжаттар мен деректер, хаттар, естеліктер.* – Алматы: Мектеп, 2013. – 440 б.

2. ҚР ОМА. 81-қ, 1-т, 289-іс

3. ҚР ОМА, 885-қ, 1-т, 1-іс

4. ҚР ОМА 885-қ., 1-т, 4-іс

5. ҚР ПА, 147-қ, 1-т, 2379-іс

6. Проблема детской беспризорности на территории Казахстана и сопредельных стран в 1920-1930 годы). Сборник документов. – Алматы, 2025. – 302 с.
7. Әбдіғалиұлы Б. Ашаршылық. Голод 1928-1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.4. – Нұр-султан, 2021. – 776 б.
8. Әбдіғалиұлы Б. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника: куәгерлер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары, көркем әдебиет үзінділері. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 604 б.
9. Әлімов А. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық куәгерлері сөйлейді. – Алматы, 2016. – 298 б.
10. Байқұлов Т. Әулие-ата өңіріндегі ашаршылық (жиналған естеліктер негізінде). – Алматы: Экономика, 2017. – 566 б.
11. Түркістан облысының Мемлекеттік архиві, 147-қ, 3-т, 46-іс
12. Джумағалиева К. К вопросу о положении беспризорных детей в годы Великой Отчественной войны // Вестник Атырауского университета имени Х. Досмухамедова. – 2020. – 4(59). – 20-29 с.
13. Сары кітап. – Алматы, BRK Press, 2020. – 317 б.
14. Сактағанова З.Г., Шапағатова Д.Д. Детские дома в Центральном Казахстане в 1954-1964 гг: организационная структура, функционирование, условия проживания // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – №2 (143). – 2023. – 91-92 с.
15. Алматы қаласының мемлекеттік архиві, 174-қ, 15-т, 39-іс

References:

1. Mirzhakyp Dulatuly. Kejingi zhyldary tabylgan qizhattar men derekter, hattar, estelikter. – Алматы: Мектеп, 2013. – 440 б.
2. KR OMA. 81-K, 1-t, 289-is
3. KR OMA, 885-K, 1-t, 1-is
4. KR OMA 885-K., 1-t, 4-is
5. KR PA, 147-K, 1-t, 2379-is
6. Problema detskoj besprizornosti na territorii Kazahstana i sopredel'nyh stran v 1920-1930 gody). Sbornik dokumentov. – Алматы, 2025. – 302 s.
7. Abdigaliuly B. Asharshylyq. Golod 1928-1934. Dokumentalnaya hronika. Sb. dok. T.4. – Nur-sultan, 2021. – 776 b.
8. Abdigaliuly B. Asharshylyq. Golod. 1928-1934. Dokumentalnaya hronika: kuagerler estelikteri, asharschylyq turaly zhazylgan kitap-zhinaqtar materialdary, korkem adebiet uzindileri. – Nur-Sultan: Foliant, 2021. – 604 b.
9. Alimov A. 1931-1933 zhyldardagy asharschylyq kuagerleri sojlejdi. – Алматы, 2016. – 298 b.
10. Bajkulov T. Aulie-ata oңirindegi asharschylyq (zhinalgan estelikter negizinde). – Алматы: Ekonomika, 2017. – 566 b.
11. Tyrkistan oblysynyn Memlekettik arhivi, 147-K. 3-t, 46-is
12. Dzhumagalieva K. K voprosu o polozhenii besprizornyh detej v gody Velikoj Otchestvennoj vojny // Vestnik Atyrauskogo universiteta imeni H. Dosmuhamedova. – 2020. – 4(59). – 20-29 s.
13. Sary kitap. – Алматы, BRK Press, 2020. – 317 b.
14. Saktaganova Z.G., Shapagatova D.D. Detskie doma v Centralnom Kazahstane v 1954-1964 gg: organizacionnaya struktura, funkcionirovanie, usloviya prozhivaniya // Vestnik Evrazijskogo nacionalnogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya Istoricheskie nauki. Filosofiya. Religiovedenie. – №2 (143). – 2023. – 91-92 s.
15. Алматы Kalasynyn memlekettik arhivi, 174-K, 15-t, 39-is